ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:_____
Хаттама №1
«26» тамыз 2025 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:_____
Г.Ж.Каракулова
«26» тамыз 2025 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:_____
Б. С. Длимбетова
«26» тамыз 2025 ж.

ZIYATKER TURAN

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Мұғалімі: Жаркинбекова Ж.С.

Пәні: Бейнелеу өнері

Сынып: 4 В

Сағат саны: 34

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

Шымкент қаласы

2025 - 2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

«ZIYATKER TURAN»

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Әдістемелік нұсқаулық
(электрондық нұсқа)

Бастауыш білім беру деңгейінің
4-сынып мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ
2025-2026

Scanned with CamScanner

Алғы сөз

Осы әдістемелік нұсқаулық «Бейнелеу өнері» пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейіне қойылатын талаптарды іске асыратын 4-сынып мұғаліміне арналған көмекші құрал ретінде дайындалды.

Әдістемелік нұсқаулық Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі бекіткен Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының негізінде жасалды.

Оқулықтағы оқу материалдары мен тапсырмалар бейнелеу өнері бойынша мемлекеттік бағдарламада көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің негізінде құрылды.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың мақсаты – көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру, білім алушыларды Қазақстан мен бүкіл әлемнің рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде бейнелеу өнері әлеміне тарту, олардың тұлғасын қалыптастыру.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың міндеттері:

- адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;
- Қазақстан халқының мәдениеті мен басқа елдердің мәдениетін құрметтеу;
- қоршаған әлемге деген көзқарасын шығармашылық жұмыстары арқылы білдіре білу;
- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және бейнелеу өнерінің жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистік жанр т. б.) таныстыру;
- кеңістіктік қабылдауды қалыптастыру;
- графикалық дағдыларды және түстану қабілеттерін дамыту;
- ұсақ моториканы, логикалық ойлауды, ойлаудың дербестігін және идеяларды іске асыруды дамыту;
- әртүрлі материалдармен жұмыс жасаудың көркемдік дағдылары мен әртүрлі бейнелеу техникаларын игеру;
- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін көру қабілетін дамыту (музейлер, сәулет, дизайн, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер арқылы);
- оқушылардың сезімдік-эмоционалдық ақыл-ойларын, зейін, есте сақтау, қиялдау қабілеттерін дамыту;
- дербестік, мақсатшылдық, дәлдік, еңбексүйгіштік сияқты тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау туралы

«Бейнелеу өнері» пәнін оқыту нәтижелерін бағалау қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үдерісін уақытылы түзетуге мүмкіндік береді. Оқу ақпараты бөлімін зерделеуді аяқтағаннан кейін оқытудың белгілі бір кезеңінде қалыптастырушы бағалау жүргізіледі, білім алушыларға кері байланыс беруден шығатын критериалды бағалаудың «сынақтан өтті» және «сынақтан өтпеді» қағидасын негізге алу қажет.

«Бейнелеу өнері» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны:

Оқу-тәрбиелік міндеттерді шешу үшін құрылған оқыту мақсаттарының жүйесі 8 ортақ тақырыптан, 4 ұзақмерзімді жоспарлау бөлімінен тұрады.

4-сыныптағы «Бейнелеу өнері» пәнінің мазмұндық желісі шығармашылық әрекет барысында негізгі білімдермен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқыту мақсаттары жүйесінің төрт бөліміне бағынады:

1-бөлім. «Бейнелеу сауаттылық негіздері» бөлімінде шығармашылық идеяларды тәжірибеде іске асыруға арналған құралдар берілген;

2-бөлім. «Бейнелеу өнер әлемі» бөлімі оқу материалының мазмұнын ашады;

3-бөлім. «Бізді қоршаған әлем» бөлімінде тапсырмалардың тақырыбы рухани адамгершілік, эмоционалды-құндылық бағдарын белгілейді;

4-бөлім. «Шығармашылық» бөлімінде шығармашылық қызметтің түрлері мен шарттарын

Scanned with CamScanner

ашып, жүзеге асырады.

Бөлімдер өнердің әртүрлі жақтарын ашады: типологиялық, тілдік, құндылық-бағдарлық, белсенділік және әр сабаққа әртүрлі дәрежеде қатысады, кешенде бөлімдер бастауыш көркемдік білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін шешуге бағытталған.

Бөлімдер бөлімшелерден тұрады.

Өнер туындыларын қабылдау бөлімшесінің міндеті: бейнелеу өнері дегеннің не екені және оның адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру, бейнелеу өнері туындыларын қабылдау үдерісін түсінуге және ұғынуға үйрету, Қазақстан мен әлемнің көрнекті суретшілері туралы түсінікті дамыту. Өзіндік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыру, көркем-эстетикалық мәдениет пен көркемдік талғамын, стиль сезімін тәрбиелеу; өнер туындыларын талдай білу қабілетін қалыптастыру.

Графика бөлімшесінің міндеті: білім алушыларды кеңістіктегі орнын ескере отырып, әртүрлі графикалық құралдарды (сызық, штрих, дақ, реңк, сәуле мен көленкенің үйлесімділігін) қолдана отырып, пропорцияларды, көлемді, текстураны беру арқылы екі өлшемді жазықтықта үш өлшемді пішінді көруге және бейнелеуге үйрету; графикалық материалдармен танысуды жалғастыру.

Кескіндеме бөлімшесінің міндеті: жұмыста табиғат пен түстерді эмоционалды қабылдауды, үйлесімді түс қатынастарын құру қабілетін дамыту; түсті сезінуге тәрбиелеу. Жұмысты сауатты жүргізу, көркем материалдарды сауатты пайдалану дағдыларына үйрету. Заттардың фактурасын жеткізу дағдысын; түстің көмегімен кеңістіктегі сәуле ортасын жеткізу дағдысы; бейнеленетін заттың пішінін реңмен және түспен «мүсіндеу» құбылысын зерделеуді («жергілікті түс» ұғымы және оған жарықтың әсері, нысанның пішіні мен материалын берудегі реңнің рөлін) дамыту.

Мүсін бөлімшесінің міндеті: кеңістіктік қабылдауға үйрету, балалардың көлемді қабылдауын, пластикалық тілде көлем мен кеңістікті көру және жеткізу 10 мүмкіндігін дамытуға ықпал ету. Сабақтарда білім алушылар рельефті де, жұмыр мүсінді де орындау негіздерімен танысады.

Сәндік-қолданбалы өнер бөлімшесінің міндеті: сәндік-қолданбалы өнер мен дизайнның тілін, заңдылықтарын түсінуге тәрбиелеу. Әсемділік туралы идеяларды маңызды және нақты жеткізуге үйрету. Стилизация және жалпылау әдістерін қолдана отырып, қоршаған әлемде кездесетін формаларды шығармашылық түрде өңдеу біліктерін қалыптастыру. Әртүрлі материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, халық дәстүрлерімен таныстыру.

Сәулет және дизайн бөлімшесінің міндеті: (көркем құрастыру және модельдеу) сәулет ортасы мен дизайн негіздерін зерттеу және модельдеу, қалыптау туралы білімді бекіту, көлемді және жазықтық композициялар жасау дағдылары мен көркем дизайн мәселелерін өз бетінше шеше білу дағдыларын қалыптастыру. Бұл – көркемдік білім беру жүзеге асыратын қызметтің (немесе саланың) кіші бөлімдері. Яғни барлық бөлімшелер бөлімдердің құрамдас бөлігі.

Оқушылар оқулық бойынша алған білім мен дағдыларды одан әрі оқу үдерісі мен әлеуметтік практикада пайдаланады. Кейбір тапсырмалар ұжымдық жұмысты көздейді, бұл коммуникативтік құзыреттілікті едәуір арттырады.

Оқулықта коммуникативтік құзыреттілікті дамытатын сұрақтар мен тапсырмалар төмендегі айдарлармен берілген:

1. Ойлан және жауап бер.
2. Тапсырманы орында.
3. Жұптық жұмыс.
4. Топтық жұмыс.
5. Білгім келеді.
6. Орында.

Оқулықтың функционалдық тетігі әр сабақтың нәтижесін және әр оқушының мүмкіндіктерін тереңірек талдауға көмектеседі. Ол мұғалімге материалды меңгеру дәрежесіне назар аударуға және өзара бағалау және өзіндік бағалау әдістері арқылы балалардың танымдық үдерісін қадағалауға және басқаға мүмкіндік береді.

Scanned with CamScanner

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша ұзақмерзімді жоспарлау
(Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат)

Ортақ тақырыптар	Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Ұзақмерзімді жоспардың кіші бөлімі	Оқыту мақсаттары	Тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1-тоқсан							
1. Кең-байтақ Қазақстаным	Бейнелеу сауаттылығы негіздері	1. Өнер туындыларын қабылдау	4.1.1.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениетінің, өнер, қолөнер, дизайн туындыларын зерделеудегі ерекшеліктерді анықтау және түсіндіру.	Өнер туындыларын қабылдау Музейге саяхат	1	8.09	
		2. Графика	4.1.2.1 Күрделі тәсілдер мен техникаларды сенімді қолдана отырып, өздігінен таңдалған графикалық материалдармен құралдарды пайдалану.	Графика Графиканың сыры	1	15.09	
			4.1.2.2 Шығармашылық жұмыста графиканың күрделі тәсілдері мен техникаларын қолдану.	Графика Қазақстанның табиғаты	1	22.09	
		3. Кескіндеме	4.1.3.1 Күрделі тәсілдер мен техниканы сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану.	Кескіндеме Табиғат – менің үйім	1	29.09	
			4.1.3.2 Кескіндеменің күрделі тәсілдері мен техникасын шығармашылық жұмыста сенімді түрде қолдана отырып, қолдану.	Кескіндеме Адам және табиғат	1	6.10	
2. Адам болам десеңіз		4. Мүсін	4.1.4.1 Күрделі тәсілдер мен техниканы сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану.	Мүсін Менің сыныптасым	1	13.10	

Scanned with CamScanner

		5. Сәндік-қолданбалы өнер	4.1.5.1 Күрделі тәсілдер мен техниканы сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарды қолдану.	Сәндік-қолданбалы өнер Кітапқа арналған бетбелгі	1	20.10	
		6. Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.1.6.1 Күрделі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану. 4.1.6.2 Модельдеудің күрделі техникалары мен тәсілдерін сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану.	Дизайн және сәулет Бөлмемдегі картина	1	20.10	
2-тоқсан							
3. Мәдени мұра	Бейнелеу өнер әлемі	1. Өнер туындыларын қабылдау	4.2.1.1 Қолданылған көркемдік мәнерлілік құралдары мен жұмыстарды орындау техникасын салыстыру және түсініктеме беру.	Өнер туындыларын қабылдау Мәдени мұраны сақтайық	1	3.11	
		2. Графика	4.2.2.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын және графикалық жұмысты орындау техникасын білу және түсіндіру.	Графика Кітап графикасы	1	10.11	
		3. Кескіндеме	4.2.3.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын және кескіндемелік жұмысты орындау техникасын білу және түсіндіру.	Кескіндеме Бейнелеу өнеріндегі натюрморт жанры	1	17.11	
		4. Мүсін	4.2.4.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын және жұмысты орындауда мүсіндеу техникасын білу және түсіндіру.	Мүсін Барельеф Таңбалы тас	1	24.11	
		5. Сәндік-қолданбалы өнер	4.2.5.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлілігінде қолданылатын	Сәндік-қолданбалы өнер Тәрелкенің ішін безендіру	1	1.12	

Scanned with CamScanner

4. Мамандық-тар әлем			құралдарын және жұмысты орындауда сәндік-қолданбалы өнер техникасын білу және түсіндіру.				
			4.2.5.2 Сәндік-қолданбалы өнердегі «табиғи пішін» ұғымын және жұмысты орындау техникасын білу және түсініктеме беру.	Сәндік-қолданбалы өнер Тәрелкеге салынған өрнекті бояу	1	8.12	
		6. Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.2.6.1 Дизайнның және жұмысты орындау техникасының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын білу және түсіндіру.	Дизайн және сәулет Киімге сурет салу	1	15.12	
			4.2.6.2 Сәулеттің және жұмысты орындау техникасының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын білу және түсіндіру.	Дизайн және сәулет Жаңа ауыл жобасы	1	22.12	
3-тоқсан							
5. Атадан калған асыл мұра	Бізді қоршаған әлем	1. Графика	4.3.2.1 Графикалық құралдар арқылы таныс бейнелер мен мүсіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын байланыстыру, түсіну, түсіндіру және білдіру.	Графика Мәнеттегі бейнелер	1	13.01	
			4.3.2.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «Есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен өзара байланыстарын білу, түсіну, түсіндіру және графика құралдары арқылы білдіру.	Графика Жануарлар стиліндегі бейнелердің сыры	1	20.01	
6. Қоршаған ортаны қорғау		2.Кескіндеме	4.3.3.1 Кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін,	Кескіндеме Суретшілердің шығармаларындағы ұлттық өрнек	1	27.01	

Scanned with CamScanner

			олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіну, түсіндіру және білдіру.				
			4.3.3.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «Есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен қатынастарын білу, түсіну, түсіндіру және кескіндеме құралдары арқылы білдіру.	Кескіндеме Өнер мен күнделікті өмірдің байланысы	1	3.02	
		3. Мүсін	4.3.4.1 Мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіндіру және сипаттау.	Мүсін Горельеф Таза ауа – жанға дауа	1	10.02	
				Мүсін Табиғаттағы контррельеф	1	17.02	
		4. Сәндік-қолданбалы өнер	4.3.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіну, түсіндіру және білдіру.	Сәндік-қолданбалы өнер Табиғатты аялайық	1	24.02	
			4.3.5.2 «Стильдеу» және «жалпылау» ұғымдарын түсіну, түсіндіру және оларды сәндік-қолданбалы өнер құралдары, қоршаған әлемнің неғұрлым күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктері, олардың айырмашылықтары, ұқсастықтары мен өзара байланысы арқылы білдіру.	Сәндік-қолданбалы өнер Көктем гүлі Витраж	1	3.03	

Scanned with CamScanner

		5. Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.3.6.1 Дизайн және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіну, түсіндіру және білдіру.	Дизайн және сәулет Экоплакат Қоршаған ортаны сақта	1	10.03.	
			4.3.6.2 Дизайн және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтарының себептерін түсіну, түсіндіру және білдіру.	Дизайн және сәулет ЭКСПО Болашақтың энергиясы	1	17.03.	
4-тоқсан							
7. Болашаққа саяхат	Шығармашылық	1. Графика	4.4.2.1 Графикалық тәсілдер мен техникаларды біріктіру арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру.	Графика Астана – әсем қала	1	7.04	
			4.4.2.2 Графикалық жұмысты түпкі ойға байланыстыра таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін білу, түсіну, түсіндіру.	Графика Суретші қиялындағы тұлпар	1	14.04	
		2. Кескіндеме	4.4.3.1 Кескіндеме техникасы мен әдістерін біріктіру арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру.	Кескіндеме Өнертапқыш суретшілер	1	21.04	
			4.4.3.2 Кескіндемелік жұмысты түпкі ойға байланыстыра таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін білу, түсіну, түсіндіру.	Кескіндеме Болашақтың мың бояулы бау-бағы	1	28.04	
8. Таңғажайып оқиғалар		3. Мүсін	4.4.4.1 Мүсіндік техникасы мен әдістерін біріктіру арқылы идеяларды	Мүсін «Алтын балық» Қалыпқа құю тәсілі	1	5.05.	

Scanned with CamScanner

			шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру.			5.05	
		4. Сәндік-қолданбалы өнер	4.4.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер техникасы мен әдістерін біріктіру арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру.	Сәндік-қолданбалы өнер Квиллинг Қызғалдақ	1	12.05	
		5. Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.4.6.1 Дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну және таныстыру, сәндік техникалар мен құрылымдау мен модельдеу тәсілдерін біріктіру арқылы сезімдерді білдіру.	Дизайн және сәулет Модельдеу Таңғажайып жемсауыт	1	19.05	
			4.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну және таныстыру, сәндік техникалар мен құрылымдау мен модельдеу тәсілдерін біріктіру арқылы сезімдерді білдіру.	Дизайн және сәулет Перспектива Бөлме интерьері	1	19.05	

Scanned with CamScanner

Қысқамерзімді сабақ
жоспарлары 1-сабақ

Бөлім:1	Кең-байтақ Қазақстаным			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж.С			
Күні:08.09.2025				
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Өнер туындыларын қабылдау. Музейге саяхат			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.1.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениетінің, өнер, қолөнер, дизайн туындыларын зерделеудегі ерекшеліктерді анықтау және түсіндіру.			
Сабақтың мақсаты:	Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеттегі өнер туындыларындағы ерекшеліктерді анықтайды.			
Құндылықтар:	ұлттық мұраға құрметпен қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу; дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу.			
Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі/уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут	**Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.** Сабақтың шығармашылық бағытына оң көңіл күй орнату мақсатында сабақтың басында балаларға өлең ұсынылады: Өнерді таудың бұлағынан, Қойдың құлағынан, Анамның жүзінен, Ешкінің мүйізінен үйрендім. *Ә. Қастеев* **Қызығушылығын ояту.** Бүгін біз музейге саяхат жасаймыз. «Ғажайып әлем. Ә.Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейі» тақырыбындағы бейнежазбаны көрсету. ***«Миға шабуыл» әдісі*** арқылы музей туралы не білетіндерін сұрайды. ***Сұрақтар:*** 1. Өнер музейіне барып көрдің бе? 2. Музейде қандай бұйымдар сақталады? **Оқулықпен жұмыс.** 3-тапсырма. Музейдің алдына кімнің мүсіні қойылған?	Амандасады. Өлең жолдарын хормен айтады. Оқушылар Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейіне виртуалды саяхат жасайды. Оқушылар бейнежазба бойынша өз ойларын айтады, әңгімелейді. *Балалар мұғалімнің көмегімен сұраққа жауап береді:* Музей Алматы қаласында орналасқан.	***Дескриптор:*** • берілген бейнежазба бойынша өз көзқарасын білдіреді; • ойын жеткізеді; • музей туралы мағлұмат береді; **ҚБ:** **«Шамшырақ»** **әдісі** арқылы дұрыс	www.youtube.c om › watch Бейнежазбаның ұзақтығы – 4 минут 59 секунд. Интербелсенді тақта *Жасыл түс – тамаша. Сары түс – керемет.*

Scanned with CamScanner

Сабақтың ортасы 35 минут	Ол кім? ***Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру*** Біз осы сабақта Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі туралы құнды ақпараттармен танысамыз. Мұғалім алдымен Ә.Қастеев туралы оқушылардың бұрыннан не білетіндерін анықтайды. Музейдің ішкі көрінісін үлкен экран арқылы бейнежазбадан көреді немесе суреттерін көрсетеді.  Қазақстанның бейнелеу өнеріне арналған зал  Қазақстанның мүсін өнеріне арналған зал  Батыс Еуропаның өнеріне арналған зал  Ұлттық қолөнер залы Бұл суреттерде Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің бірнеше залы көрсетілген. Бұл залдарға қандай заттар қойылады? Оқулықпен жұмыс. ***«Тізбектей оқу» әдісі.*** Тақырып бойынша мәтінді оқуға тапсырма береді. Сұрақтар қояды, ұжымдық талқылау жасайды. Мұғалім оқушылардың назарын оқулық материалдарына аударады.	Музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. 3-тапсырмада оқушылар Әбілхан Қастеев атындағы өнер музейі туралы құнды ақпараттармен танысады. ***Оқушылар сурет бойынша әңгімелеп береді.*** *Балалар алдыңғы сыныптардан алған білімдерін пайдаланып, мынандай жауап беруі мүмкін:* – Әбілхан Қастеев атындағы музейде қазақтың ұлттық қолөнеріне, бейнелеу өнеріне, орыс, батыс-еуропалық өнерге арналған бірнеше зал және уақытша көрмелерге арналған үш зал бар.	жауап берген оқушыны бағалау. ***Дескриптор:*** • музейдегі көрме залының белмелер санын айта алады; • Қазақстанның тұңғыш суретшісін біледі; • көрме залының дизайн, қолөнер бөлімдерінің ерекшеліктерін айта алады; • әлемдік мәдениеттегі орнын айта алады. **ҚБ: «Басбармақ» әдісі** арқылы бір-бірін бағалайды.	*Қызыл түс – талпын.* QR-код Музей туралы қосымша материалдар, суреттер  Оқулық Репродукция-лар Интербелсенді тақта

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы 5 минут	Музейдің сыртқы көрінісі бойынша әңгіме жүргізеді. Оның алдында кімнің ескерткіші тұрғанын сұрайды. Неге ол кісінің ескерткіші қойылды деп ойлайсыңдар? Оқушылардың назарын музей ішінде қандай бөлмелер бар екенін анықтауға аударады. ***«Білгім келеді» айдары*** бойынша Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі туралы қосымша ақпаратпен таныстыру. *Жәдігер* сөзінің мағынасымен таныстырады. **Музейде жүргенде мына ережелерді сақта:** 1. Витрина мен жәдігерлерді қолыңмен ұстама. 2. Қатты сөйлеме, тыныштық сақта. 3. Залда асықпай, бірқалыпты жүр. 4. Залды таныстырушының әңгімесін мұқият тыңда. **Кері байланыс** ***«Білім сандығы» әдісі*** *арқылы кері байланыс аламын.*	Берілген мәтінді кезекпен тізбектей оқып шығады. Сұрақтарға жауап береді. Музей туралы суреттерді зерттей отырып, оның алдындағы ескерткіштің Ә.Қастеев екенін анықтайды. Ол кісі қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі екені, осы музейде көптеген картиналарының бар екенін айта келіп, осындай себептерге байланысты ескерткіші қойылғанын айтады. Оқушылар өз жауаптарында «жәдігер» сөзін қолданады. Ережелерді оқып, әр ереженің мағынасын түсіндіреді. Мысалы: *жәдігерлерді ұстауға болмайды, өйткені ол бүлініп қалуы мүмкін.* Сабақты өте жақсы түсіндім, қызықты болды! Сабақты жақсы түсіндім! Тақырып бойынша әлі ізденуім керек!	

Scanned with CamScanner

Бөлім: 1	Кең-байтақ Қазақстаным	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж.С	
Күні:22.09.25	22.09.2026	
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Графика. Қазақстанның табиғаты	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.2.2 Шығармашылық жұмыста графиканың күрделі тәсілдері мен техникаларын қолдану.	
Сабақтың мақсаты:	Шығармашылық жұмыста графиканың күрделі тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, Қазақстанның табиғатын бейнелейді.	
Құндылықтар:	ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу; білуге, жаңаны тануға құштарлық, дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу.	

Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурс-тар**

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут	**Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.** Сабаққа дайындығын сұрап, бүтінгі күнге сәттілік тілеу арқылы психологиялық ахуал қалыптастырады. ***«Миға шабуыл» әдісі*** арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. ***Сұрақтар:*** 1. Графикалық сурет қандай құралдардың көмегімен салынған?	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Оқушылар бір-біріне тілек айтады. Оқушылар суреттерді салыстырып, сұрақтарға жауап береді? Өз ойларымен бөліседі. *Балалар осылай жауап беруі керек:* Кескіндемеде ақ-қара түсті, ал графикада түрлі түсті болуы мүмкін. Графикада кескіндемедегідей акварель, гуашь, пастель пайдаланылады. Бұл жерде аралас техникада орындалуы да мүмкін. Сия және қаламмен графикалық сызбалар орындалып, содан кейін акварельдер мен түрлі түсті қарындаштармен өңделеді.	**Дескриптор:** • жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлайды; • суреттерді салыстырады; • өз ойларын айтады. **ҚБ:** Өзара бағалау: **«Көршіме айтайын» әдісі.** Мазмұнын көршісімен бірге әңгімелеп айтады.	Оқулық Графика https://youtu.be/I_jixtB-17E
Сабақтың ортасы 35 минут	  *Құлахмет Қожықов Алексей Саврасов* Кеш (графика) Күз (графика) 2. Екі графикалық суреттің салыну	*Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады. «Білгім келеді» айдарындағы мәтінді оқиды.* Графика өте ертеде пайда болды. Ежелгі адамдар айналасындағы заттар мен құбылыстардың суретін тасқа салды. Мұндай графикалық суреттер біздің елімізде де бар. Мысалы, Маңғыстау, Түркістан, Алматы облыстарындағы жартаска салынған суреттер баршаға әйгілі.	**Дескриптор:** • бейнежазбада көргенін әңгімелеп береді; • графика өнерінің түрлерін біледі. ҚБ: «Желкенді кеме» әдісімен бағалайды Желкенді үш түске бояу қажет. 1. Жасыл түс – Жарайсың! 2. Сары түс – Жақсы.	 *Аудиомат ериалды*

Scanned with CamScanner

	техникасындағы айырмашылықты айт. ***Жаңа сабақтың мақсұбын ашу*** Әрбір суретші өз шығармасында туған өлкесінің табиғатын әртүрлі тәсілмен бейнелейді. График-суретшілер сызық, штрих, дақка басымдық береді. Кескіндеме де ақ-қара түсті, ал графика түрлі түсті болуы мүмкін. Түрлі түсті графикада			

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы 5 минут	алдымен графикалық сызбалар салынады, содан соң бояумен өңделеді. Мұғалім қосымша графика түрлері берілген картиналарды көрсетуіне болады.  ← Мынау – ... тәсілмен салынған графика. Мынау – ... тәсілмен салынған графика. →  **Практикалық жұмыс** *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасың.* - Бүгін сабағымыздың мақсатына байланысты күрделі тәсілдер мен сызықтарды пайдаланып, Қазақстанның табиғатын бейнелейміз. Керекті құрал-жабдықпен таныстыру. Сурет дәптерімізді тігінен қоямыз. Алдымен суреттің нобайын НВ қарындашпен орындаймыз. Таудың сыртқы сызықтарынан бастап, сосын ішкі сызықтарын саламыз. Таудың ұштарын үшкірлеу етіп бейнелейміз. Әдемі бұлттардың суретін саламыз. Әсем шыршаларымызды саламыз. Қателіктер мен өзгерістерді өшіргіштің көмегімен түзетеміз. Фломастермен бояп шығамыз. Сурет салғанда таза, ұқыпты салуларын қадағалайды. **Кері байланыс** ***«Менің сөзім» әдісі.***	1-сурет қарапайым тәсілмен, 2-сурет күрделі тәсілмен салынғанын айтады. Оқушылар картиналардағы суреттерді талдай отырып, алдыңғы сыныптарда өткен графиканың түрлерін естеріне түсіреді. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Практикалық жұмыста Қазақстанның табиғатын бейнелейтінін түсінеді. Керекті құрал-жабдықпен танысады. Сурет дәптерімізді тігінен алады. Мұғаліммен бірге салады. Таудың сыртқы сызықтарынан, сосын ішкі сызықтарын салады. Таудың ұштарын үшкірлеу етіп бейнелейді. Аспанға бұлттардың суретін салады. Суретті шыршалармен толықтырады. Қателіктер мен өзгерістерді өшіргіштің көмегімен түзете алады. Салған суреттерін фломастермен бояп шығады. Сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып	3. Қызыл түс – Талпын. **Дескриптор:** • композиция заңдылықтарын сақтайды; • Қазақстанның әсем тау бөктерін бейнелейді; • эстетикалық талапқа мән беру; • фломастермен жұмыс істей алу. **ҚБ:** **«Геометриялық фигуралармен»** бағалау	*тыңдау (QR түрінде)* А4 форматы, қарын- даш, өшіргіш, түсі әртүрлі маркерлер жинағы 

		болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.		

Бөлім: 2	Адам болам десеңіз			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж.С			
Күні:	13.10.2025			
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Мүсін. Менің сыныптасым			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.4.1 Күрделі тәсілдер мен техниканы сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану.			
Сабақтың мақсаты:	Күрделі тәсілдер мен техниканы сенімді түрде қолдана отырып, өздігінен таңдалған мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолданып, сыныптасының бет-әлпетін, рельефті мүсіндеу тәсілімен орындайды.			
Құндылықтар:	ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу. білуге, жаңаны тануға құштарлық, дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу.			
Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурс- тар**

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут	**Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.** Оң көңіл күй орнату. Сабақтың басында көңілді, қуанышты музыка ойнайды. Сабақта бір-бірімізге сәттілік тілейміз. **Қызығушылығын ояту.** «Мүсін» тақырыбы бойынша бейнежазбаны ұсынып, жаңа тақырыппен байланысын анықтатады. Өтілетін тақырыпқа болжау жасататады. Оқушылардан өз ойларын айтуын, әңгімелеп беруін сұрау. ***Сұрақ:*** Жұмыр мүсіндеу неше өлшемнен тұрады?	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтады. Оқушылар бейнежазба бойынша өз ойларын айтады. *Балалар осылай жауап беруі мүмкін:* Жұмыр мүсіннің басты нұсқалары: статуя, бюст, мүсіндік топ т.б Мүсін дегеніміз – ермексаз, сазбалшық, тас, ағаш және металл сияқты материалдардан жасалған көлемді-пішіндік бейне.	**Дескриптор:** • мүсін жайлы түсініктерін айтады; • жұмыр мүсін жайлы ойларын айтады; • өз ойларын еркін жеткізе біледі.	АКТ музыка Мүсін https://youtu.be/RpSFjCJvO2M «Бейнелеу өнері» оқулығы

Scanned with CamScanner

Сабақтың ортасы 35 минут	***Мұғалім сабақтың тақырыбын және оқу мақсатын таныстырады*** *Аудиоматериалды тыңдату (QR түрінде қойылады). 2-тапсырмадағы мәтінді оқытады, мазмұнын ашады.* Біз бір сыныпта оқимыз, бірақ сырт келбетіміз бойынша әртүрліміз. Бірінің шашы бұйра, бірінің шашы ұзын, ал біреуінің шашы қысқа. Сен сыныптасыңды мүсіндеу үшін оның келбетіндегі ерекшелігіне, шаш үлгісіне назар аудар. 3-сыныпта рельефті мүсіндеу түрлерімен таныстың. 4-сыныпта әрі қарай білімінді толықтырасын. Рельефті мүсін – бір жағынан қарағанда жақсы көрінетін жазық беттегі мүсіндік бейне. Ол зат бетінде сәл шығыңқы етіп бейнеленеді. Рельефті мүсіндеуде көлемді бере білу маңызды. ***«Тұлғаны таны» әдісі*** 3-тапсырма бойынша орындалады. Топтық жұмыста 4-тапсырмадағы рельефті мүсіндердің жасалуындағы ерекшеліктерді анықтайды. **Практикалық жұмыс** *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасыңдар.* - Бүтін ермексаздан рельефті портрет сомдауды үйренесің. Керекті құрал-жабдықпен таныстырады. Мұғалім жұмыстың жасалу реттілігін түсіндіреді:	Оқушылар бүтінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады. *Аудиоматериалды тыңдайды, оқулықтағы мәтінді оқып, түсінгендерін айтады.* Рельефті мүсіннің анықтамасын оқып, естеріне сақтайды Оқушылар үш түрлі мүсінді салыстырады, рельефті мүсінді тауып көрсетеді, атайды. Рельефті мүсін: «Абай» медалі. Оқулықтың соңында берілген осы туындылардың авторларының өмірбаяндарымен танысады. Әр рельефті мүсіннің ерекшелігін талдайды. Оқушылардың өзіндік жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Керекті құрал-жабдықпен танысады. Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Алдымен альбомға жай	**ҚБ: «Мақтау сөз» әдісі.** («Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Керемет жауап!») **Дескриптор:** • Наурызбаев Хакімжан Есмаханұлының жұмысымен танысады. **Дескриптор:** • қауіпсіздік ережесін еске түсіреді; • сыныптасының бет әлпетін, рельефті мүсіндеу тәсілімен орындайды;	QR-код Интербел- сенді тақта Репродук- циялар Интербел- сенді тақта Ермексаз, ермексаз, арнайы тақтайша, қарындаш, өшіргіш, стека

Scanned with CamScanner

		қарындашпен шеңбер сызып, адамның бетін, көзін, аузын мойнын		

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы 5 минут	Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Алдымен альбомға жай қарындашпен шеңбер сызып, адамның бетін, көзін, аузын, мойнын саласыңдар. Содан кейін шашы мен бантигін салып, оларды бейнелеңдер. Нобай дайын. Сарғыш түсті ермексазды алып араластырыңдар. Сопақша жасап, беттің пішініне келтіріңдер. Кішкене бөлігін алақанға салып, мойнын жасаңдар. Қара түсті ермексазды алып, саусақтармен доңгелектеп, екі көзді дайындап, орындарына жапсырыңдар. Қара түсті ермексазды арнайы тақтайша үстіне саусақтармен әрі-бері жүргізіп, ширатып алыңдар. Дайын болған ермексазды орау арқылы шаштың үлгісін жасап жапсырыңдар. Ақ түсті ермексаздың кішкене бөлігінен бантик пішінін жасап, шаштың сол жақ үстіне жапсырыңдар. Екінші бантикті өрілген шаштың ұшына қарай жапсыр. Арнайы құралдың көмегімен адамның аузын сызықпен сызып жасаңдар. Міне сенің сыныптасың дайын. **Кері байланыс** ***«Алмағаш» әдісі.*** Оқушыларға сабақ басында екі түсті алманың суреті немесе муляжі беріледі.	салады. Содан кейін шаштары мен бантигін салып, бейнелейді. Нобай дайын. Сарғыш түсті ермексазды алып, біркелкі араластырады. Сопақша жасап, беттің пішініне келтіреді. Кішкене бөлігін алақанға салып, мойнын жасайды. Қара түсті ермексазды алып, саусақтармен доңгелектеп, екі көзді дайындап орындарына жапсырады. Қара түсті ермексазды арнайы тақтайша үстіне саусақтармен әрі-бері жүргізіп, ширатып алады. Дайын болған ермексазды орау арқылы шаштың үлгісін жасап жапсырады. Ақ түсті ермексаздың кішкене бөлігінен бантик пішінін жасап, шаштың сол жақ үстіне жапсырыңдар. Екінші бантикті өрілген шаштың ұшына қарай жапсырады. Арнайы құралдың көмегімен адамның аузын сызықпен сызып жасайды. Оқушылар өздері жасаған бұйымдарын көрсетіп, жіберілген қателіктерін талдайды. Жасыл түсті алма -- мен бүгін бәрін жақсы орындадым. Менің көңіл күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма -- мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ.	• оқушылар өз жұмысын сипаттай отырып таныстырады; • үлгінің ерекшелігін бағалайды, күрлендіру жолдарын ұсынады. **ҚБ:** Білім алушы **«Күшінді көрсет» әдісі** арқылы бағалау.	– мықты күшті – әділ 

Scanned with CamScanner

Бөлім: 3	Өнер туындыларын талдау	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж	
Күні: 03.11.25		
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Өнер туындыларын қабылдау. Мәдени мұраны сақтайық	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.1.1 Қолданған көркемдік мәнерлілік құралдары мен жұмыстарды орындау техникасын салыстыру және түсініктеме беру.	
Сабақтың мақсаты:	Қолданған көркемдік мәнерлілік құралдарымен жұмыстарды орындау техникасын салыстырады және түсініктеме береді. Бейнелеу өнері бойынша музейдс сақтаулы жәдігерлермен танысады.	

Құндылықтар:	ұлттық мұраға ұқыпты қарау. ұлттық мәдениетті дәріптеу; білуге, жаңаны тануға құштарлық, дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу.

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут Сабақтың ортасы 35 минут	**Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.** Жағымды психологиялық ахуал орнатады. ***«Доп лақтыру» әдісі*** *мұғалім кез келген бір оқушыға кішкентай допты лақтырады. Допты ұстап алған оқушы сұраққа жауап береді.* Оқушылардың табыстарын мақтап, өздеріне деген сенімін нығайту мақсатында ауызша репликалар айтылады. «Қол шапалақтау» әдісі қолданылады. Солай өтетін тақырыпқа болжау жасатамын. Оқушылардан өз ойларын айтуын, әңгімелеп беруін сұраймын. ***Сұрақтар:*** 1. Музейдегі қай сурет есіңде қалды? Өткен бөлімде музейге саяхат жасадың. 2. Жәдігер дегеніміз не? ***Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстыру*** Бүгін бейнелеу өнері бойынша музейде сақтаулы жәдігерлермен танысамыз. Музейдің әлемге әр елдің өз мәдениеті мен өнерін,	Білім алушылар амандасады; Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Оқушылар өлең жолдарын хормен айтады. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. **Дұрыс жауап:** Жәдігер – музейде көпшілік назарына ұсынатын зат. *Оқушылар сабақтың тақырыбымен танысады.* Оқулықтағы және мұғалімнің көрсеткен суреттері бойынша Қазақстан қалаларындағы музейлермен танысады. **Қазақстан музейлері**	**Дескриптор:** • сұрақтарға жауап береді; • жәдігер туралы ойын айтады. **ҚБ:** **«Қол шапалақтау» әдісі.** **Дескриптор:** • музейде сақтаулы жәдігерлермен танысады; • Қазақстан музейлерімен танысады.	«Бейнелеу өнері» оқулығы Интербел- сенді тақта. Қазақстан музейлерінің суреттері Интер белсенді тақта

Scanned with CamScanner

	өркениетін, тарихын танытудағы рөлі зор. Ол ұлттық құндылықтарды ұлықтап, тарихты жаңғыртуда басты орынға ие. Онда әдебиет, тарих, өнер сияқты рухани байлықтарды сақтау мен таныту туралы мәліметтер баршылық.			

Scanned with CamScanner

«Тұлғаны таны» әдісі бойынша бейнебаян көруді ұсынамын. Оқулықпен жұмыс. 4-тапсырма. *Аудиоматериалды тыңдау (QR түрінде қойылады).* А.Ғалымбаева – қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш кәсіби суретші. Ол қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық тақырыпты жырлайтын дарынды кескіндемеші ғана емес, сонымен қатар киносуретші, әрі қазақтың ұлттық киімдерінің үлгісін де жасаған суретші ретінде танымал. *«Алмасы бар натюрморт»* картинасына талдау жасайды. ***Сұрақтар:*** 1. А.Ғалымбаева өз картиналарында қандай түстерді пайдаланған? 2. Ұлттық нақышты көрсету үшін өз жұмысында нені бейнелер едің? 3. Картинаның алдыңғы планында, ортасында не бейнеленген? 4. Сурет саған ұнады ма? Ол қандай сезімдерді оятады? ***«Сюжеттік кесте» әдісі.*** Алдымен оқушылар берілген мәтінді оқиды. Сосын оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін бақылау үшін 4 сөзбен түсіндіріп беруге тапсырма береді. **Практикалық жұмыс** Бүгінгі сабақта қыз балаға арналған ұлттық тақияның суретін акварель бояуымен салатын боламыз. Композицияны бастамас бұрын ауада саусақпен форматтың қарама-қарсы бұрыштарын қосып алып, айқасқан жерінен тік сызық жүргіземіз. Ол тақияның симметрия болуына көмектеседі. Форматтың төменгі жағының екі	 Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі *Астана қ.*  Ықылас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейі *Алматы қ.*  М. Тынышбаев атындағы Тарихи-өлкетану музейі *Талдықорған қ.* А.Ғалымбаева туралы әңгімелейді. Жұмыстардың орындау техникасын салыстырады және түсініктеме береді.  *«Алмасы бар натюрморт»* картинасына талдау жасайды. Сұрақтарға жауап береді. Оқушылар оқыған мәтінді талқылайды. Оқушылар берілген мәтінді оқиды. Сосын оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгендерін 4 сөзбен айтады. Мысалы: *Айша Ғалымбаева – Қазақстанның суретшісі. Картиналарын ұлтық нақышта бейнелеген.*	**Дескриптор:** - А.Ғалымбаеваның жұмыстарымен танысады; • ұлттық нақышты көрсету үшін суретші өз жұмысында нені бейнелегенін айтады; • картинадағы түстердің ерекшелігін айтады; • картиналарға егжей-тегжей талдау жасайды. **ҚБ:** **«Шамшырақ» әдісі** арқылы дұрыс жауап берген оқушыны бағалау. **Жасыл түс** – тамаша. **Сары түс** – керемет. **Қызыл түс** – талпын. **Дескриптор:** • музейде тек ескі дүниелердің	https://youtu.be/2qwnH147Nbg  *А.Ғалымбаева* QR-код «Бейнелеу өнері» оқулығы

Scanned with CamScanner

	шетін шамамен теңдей 3 елі орын қалдырып, тік бұрышты саламыз. Ортанғы сызығымен үшбұрыш пішінде тақияның төбесін бүктеу көтереміз. Негізгі сурет дайын болған соң, сопақша шеңбер арқылы тақияның пішімі дөңгелек екенін көрсете аламыз. Қос жолақ сызып, алтын түсті жиегінің орнын дайындап алған соң, ою-өрнекпен асыл тастармен көмкеретіндей шеңбер тамшы сияқты қарапайым пішімдермен әшекелейміз. Нобайы дайын болған соң, акварель бояуымен қызыл түстің түрлі реңдерін пайдаланып, мақпал матадан тігілгендей етіп тақияны бояйық. Міндетті түрде пигментті бояуды нақтылап алып, суреттің жарық көлеңкесін көрсеткен дұрыс. Асықпай кептіре отырып, ұсақ әшекейлерді жіңішке қылқаламмен мұқият орындап шық. Нүктелеу арқылы орындалған жұмыс әрі таза, әрі тиянақты болады. Әшекей бұйымдарды ашық көк, сұрғылт түстермен боясақ, ол күміске ұқсас болады. Ал асыл тастар көгілдір түспен орындалғаны абзал. Дегенмен түстерді өз қалауларынша орындауларына мүмкіндік бар. Дәстүрлі емес түстерді де пайдалануға болады. **Кері байланыс** ***«Мен түйіндейін» әдісі.***	Оқушылар практикалық жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Сурет дәптерді көлденең алады. 1. кезеңде. Композицияны жай сызықтармен белгілеп алады. Тақияның симметрия сызықтарын жай қарындашпен сызып көрсетеді. 2. кезеңде. Негізгі сурет дайын болған соң, тақияның пішімі дөңгелек екенін көрсетеді. Ою-өрнек, асыл тастармен көмкеретіндей шеңбер тамшы сияқты қарапайым пішімдермен әшекейлейді. 3. кезеңде. Нобайы дайын болған соң, акварель бояуымен түспен орындай бастайды. Суреттің жарық көлеңкесін көрсетеді. 4. кезеңде. Асықпай кептіре отырып, ұсақ әшекейлерді жіңішке қылқаламмен мұқият орындап шығады.	көрмесі деп түсіну қателік екенін біледі; • музей халық қазынасын сақтайтын орын екенін біледі. **ҚБ:** **«Көршіме айтайын» әдісі.** **Дескриптор:** • қыз балаға арналған ұлттық тақияның суретін акварель бояуымен орындайды; • композициясын дұрыс орналастырады; • нобай эстетикалық талапқа сай таза, ұқыпты орындайды. **ҚБ: «Мақтау сөз» әдісі.** («Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Керемет жауап!»)	«Бейнелеу өнері» оқулығы Жұмыстың орындалу ретін QR-код арқылы көру Акварель, су құятын ыдыс, қылқалам, өшіргіш, қарындаш, А4 форматы, палитра
Сабақтың соңы 5 минут		Оқушылар өздерін қалай сезінгендерін және сабақ жөнінде өз ойларын айтады.		


Scanned with CamScanner

Бөлім: 4	Мамандықтар әлемі			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова ж			
Күні:	22.12.2025			
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Дизайн және сәулет. Жаңа ауыл жобасы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.6.2 Сәулеттің және жұмысты орындау техникасының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын білу және түсіндіру.			
Сабақтың мақсаты:	Сәулеттің және жұмысты орындау техникасының көркемдік мәнерлілігінде қолданатын құралдарын біледі. Қағаздан ауылдың жобасын жасауды үйренеді.			
Құндылықтар:	ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу; білуге, жаңаны тануға құштарлық, дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу.			
Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі /уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** ***«Гүлмен тілек» әдісі*** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. **Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөліну.** Мұғалім бірнеше геометриялық фигураларды араластырып оқушыларға таратып береді (неше топқа бөлсеңіз, сонша геометриялық фигура аласыз). Бірдей фигураларды алған оқушылар топтасады. ***«Миға шабуыл»*** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. ***Сұрақтар:*** 1. Сәулет өнері туралы не білесің? 2. Сәулетші деген кім?	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал- жабдығын даярлайды. Оқушылар бір-біріне тілек айтады. Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру: Бірдей фигураларды алған оқушылар топтасады. Фигуралар көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру. I. – үшбұрыштар тобы I. – дөңгелектер тобы I. – төртбұрыштар тобы Білім алушылар сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.	**Дескриптор:** • тақырыпты толық ашады; • өз ойларын білдіреді; • сұрақтарға жауап береді.	Фигуралар салынған хатқалта 

Scanned with CamScanner

	3. Болашақта қандай үйде тұрғың келеді? 3. Жобалап көрдің бе?		**ҚБ: «Екі жүрек, бір тілек» әдісі.**	
Сабақтың ортасы 35 минут	**Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру** *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады.* Қазір сәулетшілер жобалаудың жаңа технология- ларын пайдаланады. Заманауи ғимараттар тек сәнді ғана емес, олардың ішінде адамдар үшін қолайлы жағдай жасалады. Сәулетшілер елді мекендердегі ғимараттарды да жаңа- ша жобалауда. Жаңа жобамен салынған көшелер мен ғимараттар ауылдың сәнін кіргізеді.	*Білім алушылар сабақтың мақсатымен танысады.* Сәулет өнері туралы түсінік алады. Сәулетшілердің жаңа жобасы туралы мәлімет алады.	**Дескриптор:** • сәулет өнері туралы түсінік алады; • сәулетші мамандығы туралы мәлімет алады.	«Бейнелеу өнері» оқулығы
	3-тапсырма бойынша топтық жұмыс жүргізеді.  Тұрғын үй нысандарын жобалау  Ауыл құрылысын жобалау  Көгалдандырумен бірге қоғамдық кеңістіктерді жобалау **Практикалық жұмыс** *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырады.* Бүгінгі сабақта ұжым болып қағаздан ауылдың жобасын жасауды үйренесіңдер. Алдымен үйдің дайын нобайын қайшымен қиып аламыз. Қиып болған соң желімдейтін жерлерін бүктеп, желім жағуға дайындаңдар. Бүктелген жерге желім жағып, үйдің нобайын модельдейміз. Жасыл түсті қағаздың бірнешеуін алып, желімдеп, үлкейтіп дайындаңдар.	Оқулықта берілген суреттермен жұмыс жасайды. Әр топ тұрғын үй нысандарын жобалауды сәулетші, дизайнер, ауыл құрылысын жобалауды сәулетші, дизайнер, флорист-дизайнер қоғамдық кеңістіктерді жобалау жұмыстарын орындайды. 4-тапсырмада берілген жаңа ауыл жобасын жоспар бойынша талқылайды. **Жоспар** 1. Жаңадан салынатын ғимараттар тізімі 2. Ғимараттардың орналасатын орнын жобаға белгілеу	**Дескриптор:** • өз ойларын білдіреді; • сұрақтарға жауап береді; • ауыл жобасын дұрыс жобалайды; • өзіне қажет элементтерді таңдап, қажетін жасайды. **ҚБ: «Жапондық бағалау» әдісі** «Жапондық бағалау» әдісі. Оқушылар бір-бірін бағалайды.	

Scanned with CamScanner

		3. Идеяның дұрыстығын дәлелдеу	*«Дұрыс,*	*QR-код*

Scanned with CamScanner

Қара түсті қағаздың шетіндегі енінен 4 см сызып, екі данасын қиып аламыз. Қиып алған 2 дана қара түсті қағазды жасыл түсті қағаздың ортасына түзу етіп желімдеңдер. Сызғыштың көмегімен ақ түсті фломастармен қара қағаздың ортасынан тігінен үзік сызықтар түсіріп, жолдың жобасы дайындаңдар. Жасыл түсті қағазға ені 4 см өлшемді сызып, қайшымен қиып алыңдар. Қиылған жасыл қағазды бүктеп, екі шетінен қайшымен үшбұрыш тәрізді қиыңдар. Үшбұрыштың екі бұрышының төменгі бөлігінен 1 см жоғары қиып, ортасына 1 см жеткізбей нұсқар (стрелка) тәрізді пішінге келтіріп қиясыңдар. Осылайша бірнешеуін дайындаңдар. Шыршаның жобасы дайын. Шыршаның төменгі бөлігін бүктеп, желім жағыңдар. Жолдың екі бойына жапсырыңдар. Дайын болған жасыл жердегі көше бойына бірнеше үйді желімдеп, орналастырыңдар. Міне, ауылдың жобасы дайын. Әрбірің жобаларың туралы достарыңа әңгімелеңдер.	 Оқушылар практикалық жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып алады. Керекті құрал-жабдығын дайындайды. Берілген үйдің нобайын қиып алады. Желімдейтін жерлерін бүктеп шығады. Дайындық жұмысын жүргізеді: жасыл түсті қағаздың бірнешеуін алып, желімдеп, үлкейтеді. Қара түсті қағаздың шетіндегі енінен 4 см сызып, 2 данасын қиып алады. Қиып алған 2 дана қара түсті қағазды жасыл түсті қағаздың дәл ортасына түзулеп желімдеп шығады. Жолдың жобасын дайындау үшін: сызғыштың көмегімен ақ түсті фломастермен қара қағаздың ортасынан тігінен үзік сызықтар жүргізеді. Жобасы дайын болғанда мұғалімге тексертеді. Жасыл түсті қағазға ені 4 см өлшемді сызып, қайшымен қиып алады. Қиылған жасыл қағазды бүктеп, екі шетінен қайшымен үшбұрыш тәрізді қияды. Үшбұрыштың екі бұрышының төменгі бөлігінен 1 см жоғары етіп қиып алады. Ортасына 1 см жеткізбей нұсқар (стрелка) тәрізді пішінге келтіріп қиып алады. Шыршаның жобасы дайын болғанда мұғалімге тексертіп, шыршаның төменгі жағын бүктеп, желім жағып, жолдың екі шетіне орналастырады. Көше бойына бірнеше үйді желімдеп орналастырады. Жұмыс орнын жинақтайды.	*келісемін» –, «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар...», «Менің сұрағым бар...»* Осылайша оқушының жауабымен толық келісетінін немесе өз көзқарасымен толықтыру енгізгісі келетінін және оқушыға сұрақ қойып, оның жауабын тыңдағысы келетінін саусақтары аркылы көрсетеді. **Дескриптор:** • жаңа ауыл жобасын жасайды; • топпен жұмыс жасайды. **ҚБ:** **«Бесбармақ» әдісі.**	Қарын- даш, түрлі түсті қағаз, қайшы, фломас-тер, өшіргіш, калька, қылқалам, желім, су құятын ыдыс, А4 форматы, сызғыш, үйдің дайын нобайы 

Scanned with CamScanner

4-бөлім бойынша білімдері тексеріледі.			

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы 5 минут	***«Еркін микрофон» әдісі.*** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. 	**4-бөлім бойынша білімдерін бекітеді. Жауаптар:** 1. б) қыш, саз 2. 5-нөмірлі суретте керамикалық ыдыстар бейнеленген. 3. Керамикалық ыдысты саздан (ә) жасайды. 3. 1-суретте классикалық; 2-суретте спорттық; 3- суретте сәндік; 4-суретте фольклорлық стиль түрлері бейнеленген. Оқушылар бүгінгі сабаққа қорытынды жасайды. Қандай өнер түрімен таныстың? Сәулеттік жобалаудың қандай түрімен таныстың? Жобаны жасау кезінде қандай қиындықтар болды?	**Дескриптор:** • қауіпсіздік ережесін сақтайды; • ұжым болып қағаздан ауылдың жобасын үйренеді; • таза, ұқыпты жұмыс жасауды үйренеді. **ҚБ:** **«Геометрия- лық фигуралармен»** бағалау. Оқушылар бір- бірін бағалайды.	

Scanned with CamScanner

Бөлім: 5	Атадан қалған асыл мұра			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж			
күні 20.01.26	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Графика. Жануарлар стиліндегі бейнелердің сыры			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	**4.3.2.2** «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен өзара байланыстарын білу, түсіну, түсіндіру және графика құралдары арқылы білдіру.			
Сабақтың мақсаты:	«Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен өзара байланыстарын біледі, түсінеді, түсіндіреді және графика құралдары арқылы білдіреді. Қатырма қағазға гравюра жасауды үйренеді.			
Құндылықтар:	ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу; дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу; әдеп нормаларын ұстану; шешім қабылдау және жауапкершілікті сезіну; оқушы отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінуі тиіс.			
Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** Сабақ алдындағы жақсы көңіл күй. ***«Жұмбақты шеш» ойыны.*** Төрт ұзын аяғы бар, басында тарам-тарам таяғы бар.	Білім алушылар амандасады; Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Жұмбақты шешу арқылы білім алушылар жағымды атмосфера қалыптастырады.		

Scanned with CamScanner

	/Бұғы/ Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. /Қасқыр/ Бар екен бір айуан көпке таныс, Мекені жүрер оның тау мен қамыс. Бұл өзі ойласа көп, шапшаң, епті, Жүректі бір айуанға қойса бетті. Қайтпайды жара алмаса не өледі, Өлмесе тынбайды ол алмай кекті. /Жолбарыс/ **Қызығушылықтарын ояту** ***«Стоп-кадр» әдісі*** бойынша бейнежазба көруді ұсынамын. Білім алушыларға өтетін тақырыпқа болжау жасатамын. Сұрақ бойынша өз ойын айтқызып, жаңа тақырыппен байланысын анықтатамын. ***Сұрақтар:*** 1. Сақ шеберлері өздеріне жақсы таныс қандай жануарлардың бейнелерін сомдай білген? 2. Аңдарды бейнелеуде қандай материалдар қолданды? 3. Егеменді еліміздің символы не? 4. Қарапайым сурет пен клишенің айырмашылығы неде?	«Бейнежазба» әдісі арқылы бейнебаянды көріп, Жануарлар стиліндегі бейнелердің сыры туралы әңгімелейді. Жаңа тақырыпқа болжам жасайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөліседі. 1. Арқар мен таутекенің, жолбарыс пен қабанның, марал мен түйенің, дала қыраны мен киіктің, қасқыр мен қоянның, жылқы мен бұланның. 2. Қола мен алтыннан жасалған, сүйектен, мүйізден, темірден, киізден жасалған. 3. Барыс. 4. **Клише** – графикалық баспа түрі. Қатырғықағаз элементтерінен жасалған аппликация арқылы да дайындалады. *Білім алушылар сабақтың мақсатымен танысады.* Аудиоматериалды тыңдайды.	**Дескриптор:** • сұрақтарға жауап береді; • өз ойын тарқатып айтады; • тақырыпқа болжам жасайды. **ҚБ:** Өзара бағалау. **«Не қиын, не оңай?»**	https://www.youtube.com/watch?v=uA4-PCXfxIs Интербелсенді тақта

Scanned with CamScanner

Сабақтың ортасы 35 минут	**Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру** *Мұғалім:* Сақтар мен сарматтардың кезеңіндегі көне жәдігерлермен танысасың. Олардың бейнелеу жолдарын үйренесіңдер. *Аудиоматериалды тыңдау (QR түрінде қойылады).* Мәдениет пен тарих жазбаларына қарасақ, біздің заманымыздан бұрынғы VIII ғасырдан бастап Еуразияның далалы аймағында жануарларды бейнелеу стилі пайда болды. «Жануарлар стилі» өнері сәндік сипатта қолданылған дееді. Бұл стильмен сақтар Азия мен Иранға жасаған			«Бейнелеу өнері» оқулығы

Scanned with CamScanner

жорықтарында танысты. Осы жерден сақтар арасында «тіршілік ағашы» дейтін арыстан бейнесі тарады. Бұл ұғым сақтар өмір сүретін жердегі құстардың, жануарлардың бейнесіне ауысты. Сақтар жануарларды графикалық тәсілмен тастан, әшекей бұйымда шеку, қырнау, ойып салу арқылы бейнеледі. Пазырық қорғанында табылған жәдігерлердің ішіндегі алтын, күміс және қоладан жасалған бұйымдарда да жануарлардың бейнесі көптеп кездеседі екен. Ол тіптен кілемде, көрпелерде, ат әбзелдерінде де орын алған. Оқулықпен жұмыс. Мәтінді оқытады, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды. ***«Суретті әңгімеле» әдісі.*** 3. Алтын адамның киіміндегі зооморфтық бейнелерге назар аудар. Оларды ата. 3. Жануарлар стилінде бейнеленген зооморфтық бейнелерді атаңдар. Бұл суреттер бейнелеу өнерінің қай түріне жатады? «Алтын адам феномені – қазақ тарихының негізі» атты тақырыпта бейнебаян көрсетіледі. **Практикалық жұмыс** *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасың.*	Мәтінді оқиды, сұрақтарға жауап береді. Білім алушылар суретке байланысты өз ойларын ортаға салады. Алтын адамның киіміндегі зооморфтық бейнелерді атайды: қос пырақты, бір мүйізді тұлпар, бұғы, барыс т.б.  Оқушылар практикалық жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып алады. Керекті құрал-жабдығын даярлайды. Бүгінгі сабаққа қажетті құрал-жабдық: А4 форматы, орындалған клише, НВ белгісімен қарындаш, түрлі тоқыма жіптері, қайшы, желім, қара түсті гуашь, ыдыс жууға арналған ысқыш. Әрі қарай қарындашпен қауырсындарын салып, оның үстінен желім арқылы тоқыма жіптің	**Дескриптор:** • Алтын адамның киіміндегі зооморфтық бейнелерді біледі; • силуэт өнерімен танысады; **ҚБ:«Екі жүрек, бір тілек» әдісі.** **Дескриптор:** • «Алтын адам» бейнежазбасынан түсінгендерін айтады; • скифтер мен сақтардың ертұрмандарының бейнесімен танысады. **Дескриптор:** • қауіпсіздік ережесін сақтайды;	QR-код  https://youtu.be/d8LbEd_ZcV0 интербелсен-ді тақта Оқулық.

Scanned with CamScanner

Өткен сабақта біз осындай тәсілмен құстың бейнесін алдын ала дайындаған едік. Бүгінгі сабаққа қажетті құрал-жабдық: А4 форматы, орындалған клише, НВ белгісімен қарындаш, түрлі тоқыма жіптері, қайшы, желім, қара түсті гуашь, ыдыс жууға арналған ысқыш. Біз өткен сабақта орындалатын графикалық суретіміздің клишесін дайындаған едік. Клише (француз тілінен аударғанда) -- кітапқа басылатын			

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы 5 минут	суреттің металдан жасалған қалыбы. Бедерлі болу үшін қатырғықағазды пайдаланып, кітаппен бастырғанбыз. Әрі қарай қарындашпен қауырсындарын салып, оның үстінен желім арқылы тоқыма жіптің қиықтарымен жабыстырамыз. Мықты бекуі үшін қарындаштың таяқшасымен басып отырып желімдейміз. Әбден кепкен соң паролонмен немесе ыдыс жууға арналған ысқышпен суреттің шеттеріне бояуды жағып шығамыз. Мұны қылқаламмен де орындауға болады. Мүмкіндігінше жылдам орындап, бояу кеппей тұрып, ақ қағазды клишенің бетіне жауып, алақанмен, саусақтың ұшымен уқалай отырып бастырып шығамыз. Міне, ақ қағаздың бетіне қатырғықағаздағы баспа түсті. Қатырғықағаздағы баспаны бірнеше рет пайдалануға болады. Осылайша әр басылып орындалған бедер (оттиск) – түпнұсқа. **Кері байланыс** «Плюс, минус, қызықты» әдісі.	қиықтарымен жабыстырады. Мықты бекуі үшін қарындаштың таяқшасымен басып отырып желімдейді. Әбден кепкен соң паролонмен немесе ыдыс жууға арналған ысқышпен суреттің шеттеріне бояуды жағып шығады. Мұны қылқаламмен де орындауға болады. Мүмкіндігінше жылдам орындап, бояу кеппей тұрып, ақ қағазды клишенің бетіне жауып, алақанмен, саусақтың ұшымен уқалай отырып бастырып шығады. Міне, ақ қағаздың бетіне қатырғықағаздағы баспа түсті. Қатырғықағаздағы баспаны бірнеше рет пайдалануға болады. Осылайша әр басылып орындалған бедер (оттиск) – түпнұсқа. Осылай жұмыстары дайын болады. «Плюс» – оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады. «Минус» – «колымнан келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазады. «Қызықты» деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады немесе не жайында көбірек білгісі келді, соны жазады.	- жұмысты таза, ұқыпты орындайды. **ҚБ: «Медаль» әдісі.**	*QR-код* Суреттің сұлбасы, бедері әртүрлі қатырғықа- ғаз қиындылар ы, қара түсті гуашь, қайшы, желім, ысқыш (губка), ПВА желім. 

Scanned with CamScanner

Бөлім: 6	Қоршаған ортаны қорғау			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж			
Күні:10.02.26				
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Мүсін. Горельеф. Таза ауа – жанға дауа			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.4.1 Мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіндіру және сипаттау.			
Сабақтың мақсаты:	Мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсінеді. Горельеф тәсілінде мүсіндеуді үйренеді.			
Құндылықтар:	ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу; дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу; әдеп нормаларын ұстану; шешім қабылдау және жауапкершілікті сезіну; оқушы отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінуі тиіс.			
Сабақ барысы:				
Сабақ- тың кезеңі /уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақ-тың басталуы	**Ұйымдастыру кезеңі:** Сабақ алдындағы жақсы көңіл күй. ***«Додекаэдр» әдісі*** арқылы психологиялық ахуал орнату.	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Оқушылар бір-біріне тілек айтады.	**Дескриптор:**	

Scanned with CamScanner

5 минут Сабақтың ортасы 35 минут	***«Миға шабуыл» әдісі*** арқылы өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. ***Сұрақтар***: 1. Мүсін өнері туралы білетініңді есіңе түсір. Мүсіндеу түрле- рін ата. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады. 2-тапсырмадағы мәтіннің мазмұнын ашады.* Табиғат дегеніміз – бізді қоршаған орта. Адамзат табиғатты таза қалпында сақтауы тиіс. Табиғатты қорғауға суретшілер де атсалысады. Олар табиғатты қорғауға шақыратын суреттер салады, плакаттар жасап шығарады. Ғимараттардың қабырғаларына да табиғатты қорғау тақырыбында суреттер мүсінделеді. Олар көбіне горельеф тәсілімен сомдалады. «Назар аудар» айдарымен берілген мәліметпен танысады. Горельеф (дөңес бедер) – мүсін өнерінің бір түрі. Горельеф – орналастырылған жазық беттен өзінің жалпы көлемінің жартысынан көбі шығыңқы тұратын мүсіннің бейнесі. ***«Адасқан сөздер» әдісі.*** Шарты: орындары ауыстырылған сөздерден мақал-мәтелдер құрау.	Білім алушылар мүсін өнері туралы білетіндерін еске түсіреді. Суреттердің мазмұнын түсіндіріп, талқылап, өз ойларымен бөліседі. *Оқушылардың сұраққа болжамды жауабы:* 1. Мүсін дегеніміз – ермексаз, сазбалшық, тас, ағаш және металл сияқты материалдардан жасалған көлемді-пішіндік бейне. 2. Түрлері: жұмыр мүсін және рельефті. Рельеф екіге бөлінеледі: барельеф және горельеф. *Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.* Горельеф мүсіндеу түрімен танысады. Жасалу реттілігімен танысады. Оқушылар «адасқан» сөздердің орнын тауып, мақал-мәтел құрайды. *Тапсырма:* шешеннің сөзі мерген, ісіне сен, күшіне сенбе, жеті рет өлшеп, шебердің көзі мерген, бір рет кес. *Шешуі:*	• тақырыпты толық ашады; • өз ойларын білдіреді; • сұрақтарға жауап береді; **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мақтау сөзімен ынталандыру. **Дескриптор:** • горельеф мүсіндеу түрімен танысады; • жасалу реттілігімен біледі; **Дескриптор:** • адасқан сөздердің орнын дұрыс табады; • мақал-мәтел құрастырады; • суреттердің ерекшеліктерін айтады;	Репродукциялар «Бейнелеу өнері» оқулығы Интербелсенді тақта

Scanned with CamScanner

	Оқулықтен жұмыс. 3-тапсырма. Суреттердің мазмұнынан не түсіндіңдер? Талқыландар. Бұл плакаттарға қандай үндеу жазуға болады?	1. Шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген. 2. Күшіңе сенбе, ісіңе сен. 3. Жеті рет өлшеп, бір рет кес. *Плакаттарға қандай үндеу жазуға болатынын талқылап, өз ойларын білдіреді.* 1. Суқоймаларын ластама, Жер ғаламшарына зиян тигізесің.		

Scanned with CamScanner

4. тапсырма. Рельефті мүсіндеу түрлерін естеріңе түсіріңдер. Олардың бір- бірінен айырмашылығы қандай? «Назар аудар» айдары бойынша берілген мәтінмен таныстырады. **Горельефті мүсіндеудің тәсілдері** Сазбалшықты (ермексазды) тақтайшаға қойып жаймалайды. Оның үстіне жасалатын бұйымның бейнесін басып алады. Бұйымның терең болып түскен орнына гипс құйылады. Кепкен соң қалыптап ажыратып алады. Сазбалшық, ермексаз, балауыз немесе гипсті тегіс нәрсенің бетіне мүсіндеу құралымен жапсырады. 5. тапсырма бойынша горельеф пен барельефтің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын әңгімелеңдер. **Практикалық жұмыс** *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасың.* Бүгінгі сабақта горельеф тәсілінде қызғалдақ гүлін мүсіндеуді үйренесің. Алдымен альбомға жай қарындаштың көмегімен гүлдің нобайын саламыз. Ол үшін гүлдің биіктігін өлшеп, композициясын ойластырыңдар. Гүлдің басын сопақша пішінге келтіріп, үш гүл саламыз. Содан кейін гүлдің сабақтары мен жапырағын, ал төменгі жағына ұлудың суретін бейнелейміз. Гүлге қонып отырған араның суретін салып, нобайды аяқтаймыз. Суретіміз дайын.	2. Орманды құртпа, жасыл желек ауаны тазартады. 3. Ауаны ластама, зауыт мұржасынан шыққан түтін ауаны ластап, тіршілікке зиян келтіреді. 4. Ауаңды қорғалдандыр, Горельефті мүсіндеудің тәсілдерімен танысады. Оқулықтағы балалардың горельеф тәсілімен орындаған жұмыстарымен танысады. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып алады. Керекті құрал-жабдығын даярлайды. Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Ең алдымен суреттің композициясын дұрыс ойластырып алады. Жай қарындашпен қатты бастырмай гүлдің суретін салады. Басын сопақша пішінді қылып үш	**ҚБ:** Мұғалім жұпта белсенділік танытқан оқушыларды **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды. *Жұлдызша – «Жарайсың!»* *Тіктортбұрыш – «Жақсы!»* *Үшбұрыш – «Талпын!»* **Дескриптор:** • практикалық жұмыс жасайды; • қауіпсіздік ережесін біледі; • ермексазбен қалай жұмыс жасау тиістігін біледі.	 *QR-код* Қарындаш, ермексаз, А4 пішімді қатырмақағаз, өшіргіш, тақтайша

Scanned with CamScanner

	гүлдің суретін салады. Гүлдің жапырақтарын салады. Қағаздың төменгі орта тұсына ұлудың суретін бейнелейді. Араның суретін салады. Нобай дайын болғанда мұғалімге тексертеді. Фонға көк түсті қатырма	**ҚБ: «Жапондық бағалау» әдісі.**	

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы 5 минут	Көк түсті қатырғықағаз алып, жасыл ермексазды жұмсартып, жер бетінің пішінін жаймалап жапсырамыз. Келесі кезеңде гүл күлтелерін мүсіндеп, оларды жапсырамыз. Ермексазды алақан арасына салып, ширата отырып, гүлдің сабақтарын жасаймыз. Гүлге сабақтарын орналастырамыз. Ақ түсті ермексаздан бірнеше кішкентай түймедақ гүлін дайындаймыз, жапсырамыз. Қызғылт сары түсті ермексазды жұмсартып, жұмыртқа тәрізді сопақша пішін жасап, гүл сабағының ұшына жапсырамыз. Қызыл түсті ермексазды да жұмсартып, жұмыртқа тәрізді сопақша пішін жасап, гүл сабағының ұшына жапсырамыз. Күлгін түсті ермексазды да илеп, жұмыртқа тәрізді сопақша пішін жасап, гүл сабағының ұшына жапсырамыз. Осылайша үш гүл дайындаймыз. Дайын болған гүлге арнайы құралдың көмегімен контур жүргізіп шығындар. Сары түсті ермексаздан сопақша жасап, аранның дене пішінін жасап, оны да жапсырыңдар. Қара түсті ермексазды созып ұзарту арқылы ара денесіндегі екі жолақты жапсырып, мүсіндеңдер. Ақ түсті ермексаздан	қағазды алып, оған жасыл ермексаздан жерді, жапырақтарды жапсырады. Кейін гүл күлтелерін созу арқылы пішінге келтіріп, жапсырады. Гүлдің сабақтарын жасап, жапсырады. Ақ түсті ермексаздан кішкентай түймедақ гүлін жасап, жапсырады. Ермексаздың қызғылт сары түсін және күлгін түсін әбден қолда жұмсартып, гүлдің сабағының ұшына жапсырады. Үш гүлді дәл осылай жасайды. Гүлдер дайын болғанда ермексазға арналған арнайы таяқшалардың көмегімен контур сызығын жүргізеді. Аранның денесін сары түсті ермексаздан сопақша пішінді етіп жасайды. Аранның денесіндегі екі жолақты қара түсті ермексазды созып жапсырып, мүсіндейді. Ақ түсті ермексаздан аранның екі қанатын жасап, жапсырады. Қызғылт сары түсті ермексаздан ұлудың пішінін мүсіндейді. Көздерін қара түстен жасап, жапсырады. Ақ гүлдердің сабақтары мен жапырағын жасыл түсті ермексаздан жасап, жапсырады. Жұмыс аяқталған соң мұғалімге тексертеді. Қате кеткен жерлерін мұғалім айтып ескертеді. Қателіктермен жұмыс жасайды. *Жасыл түс – түсіндім.* *Сары түс – қиындықтар кездесті.* *Қызыл түс – түсінбедім.*	Оқушылар бір- бірін бағалайды. *«Дұрыс, келісемін» –,* *«Толықтырамын, басқа көзқарасым бар...», «Менің сұрағым бар...»* Осылайша оқушының жауабымен толық келісетінін немесе өз көзқарасымен толықтыру енгізгісі келетінін және оқушыға сұрақ қойып, оның жауабын тыңдағысы келетінін саусақтары арқылы көрсетеді.	

Scanned with CamScanner

	аранын екі қанатын дайындап, орнына жапсырамыз. Қызғылт сары түсті ермексазды алақан арасына салып, ширата отырып, созып аламыз. Ширатылған ермексазды орай отырып, ұлудың пішінін мүсіндейміз. Ұлудың көзін қара түсті ермексаздан жасаңдар. Жасыл түсті ермексаздан кішкентай ақ гүлдердің сабақтары мен жапырағын жасап, жапсырыңдар. Міне, қызғалдақ гүлін горельеф тәсілімен мүсіндедіңдер. **Кері байланыс** ***«Тир» әдісі.*** Қатысушылар бүгінгі тақырып туралы ойларын стикерге жазып, тирдің суретіндегі түстерге орналастырады.		

Scanned with CamScanner

Бөлім: 6	Қоршаған ортаны қорғау			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж			
Күні:10.03.26				
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Дизайн және сәулет. Экоплакат. Қоршаған ортаны сақта			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.6.1 Дизайн және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіну, түсіндіру және білдір.			
Сабақтың мақсаты:	Дизайн және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсінеді, түсіндіреді және білдіреді. Экологиялық тақырыпта сурет салуды үйренеді.			
Құндылықтар:	дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу; әдеп нормаларын ұстану; шешім қабылдау және жауапкершілікті сезіну; оқушы отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінуі тиіс.			
Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі /уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Scanned with CamScanner

Сабақ-тың басталуы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** Психологиялық ахуал туғызу. ***«Танысу» әдісі.*** Глобусты бір-біріне бергенде өзінің аты-жөнін және экологияны қалай қорғайтыны туралы айтып, келесі оқушыға береді. Глобусты ұстап айтуды мұғалім өзінен бастайды. ***«Киностудио» әдісі.*** «Экология туралы» бейнефильм ұсыну. ***«Ой шақыру» әдісі.*** «Экология туралы түсінік» бейнежазбасын көріп, оқушылар Қазақстанның экологиясын айта келіп, «Табиғатты қалай қорғауға болады? Экоплакат дегеніміз не?» деген сұрақтарға жауап береді.	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Оқушылар глобусты бір-біріне бергенде өздерін таныстырып, экологияны қалай қорғайтыны туралы айтады. Оқушылар «Экология туралы» бейнефильм көреді. Барлық оқушы талқылауға қатысады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. *Оқушылардың жауабы осындай болуы мүмкін:* 1. Табиғатты қорғау дегеніміз: жасыл желектерді құртпай, көгалландыру жұмысын жүргізу;	**Дескриптор:** • тақырыпты толық ашады; • өз ойларын білдіреді; • сұрақтарға жауап береді; **КБ: «Басбармақ» әдісі** арқылы	 https://youtu.be/OunvPfRjxoA Интербелс енді тақта

Scanned with CamScanner

Сабақтың ортасы 35 минут	**Мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстырады** Оқулықпен жұмыс. 1-тапсырма. *Аудиоматериалды тыңдау (QR түрінде қойылады)* Экология терминін ғылымға алғаш енгізген адам Эрнст Геккель болып саналады. Экология ғылымы жедел дамып, көптеген жаңа салалары пайда болды. Қазіргі заманғы экология бүкіл әлемдік ғылымдар мен әлеуметтік, экономикалық жағдайлар және мәселелерді қарайтын деңгейге жетіп отыр. Экологияның жаңа саласы бойынша теориялық және практикалық зерттеулер жүргізіледі. Сендер де әлемнің қай жерінде жүрсеңдер де қоршаған ортаны ластап, зиян келтірмеулерің керек. Қоршаған ортаны қорғап жүруді естен шығармаңдар. 2-тапсырмадағы суреттер бойынша қоршаған ортаны қалай сақтауға болатыны туралы ойларыңды ортаға салыңдар. Берілген суреттерден көрсетіңдер.  **Білгім келеді** **Еңлікгүл** Бұл гүл биік тауда өседі. Оны Францияда «Альпі жұлдызы», Италияда «Күміс жартас гүлі» дейді. Еңлікгүл Қазақстанда қорғауға алынған. 	ауаны, суды ластамау; жан-жануарларды қорғау т.б. 2. Экоплакат – экологиялық мәселелерге назар аудару мақсатында салынған шағын ақпараттық сурет. *Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.* Оқушылар оқулықта көрсетілген суреттерге назар аударып, өз ойларын жеткізеді. Қазақстанның экологиялық мәселелерін талқыға салады. «Назар аудар» айдарымен берілген экоплакат туралы мәтінді оқиды, талқылайды. Еңлікгүл туралы мәліметпен танысады, сонан соң топтық жұмыс арқылы еңлікгүл гүлі туралы экоплакат жасайды. Үлгі:	бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! **Дескриптор:** • Қазақстанның экологиялық мәселелерін талдайды; • суретке қарап экологиялық мәселелерді сипаттайды; • экологиялық мәселелердің туу себептерін анықтайды. **ҚБ: «Бағдаршам» әдісі.**	QR-код «Бейнелеу өнері» оқулығы

Scanned with CamScanner

						
	Практикалық жұмыс *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасың.*	 *Жұлуға болмайды!*	 Ол ауаны тазартады.	 Емдік шөп.	**Дескриптор:**	

Сабақтың соңы 5 минут	Бүгінгі сабақта экологиялық тақырыпта сурет саласың. Ол үшін мына құрал-жабдықтарды дайында: ермексаз, акварель, су құятын ыдыс, палитра, сурет салатын альбом, қылқалам, жай қарындаш, өшіргіш, ағаш жапырағы. Алдымен альбомға жай қарындашпен шеңбер жасап, жердің суретін сал. Шеңбердің жоғарғы бөлігін өшіріп таста. Көк түсті акварель бояуымен суды боя. Құрлықты сары, жасыл түстермен боя. Қоңыр түсті ермексазды жердің жоғарғы бөлігіне тегістеп жапсыр. Жасыл ермексазды алып, жұмсартып, қоңыр ермексаздың үстіңгі бөлігіне жапсырып, тегісте. Ағаш жапырағын жасыл ермексазға орнат. Міне, экоплакатымыз дайын болды. **Кері байланыс** ***«Қол белгісі» әдісі.*** Оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту мақсатында қолданылған әдіс. Сипаттамасы: мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгенін немесе түсінбегенін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды.	Оқушылар практикалық жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып алады. Керекті құрал-жабдығын дайындайды. Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Мұғаліммен бірге жұмыс жасайды. Альбомға жай қарындашпен шеңбер жердің суретін салып алады. Шеңбердің жоғарғы бөлігін өшіреді. Шеңбердің ішін акварельдің көк түсімен бояйды. Құрлықты сары немесе жасыл түстермен бояйды. Ермексаздың қоңыр түсімен жоғарғы жағына бір қалыпты тегістеп жұмсартып жабыстырады. Жасыл ермексазды алып, жұмсартып, қоңыр ермексаздың үстіңгі бөлігіне жапсырып, тегістейді. Ағаш жапырағын жасыл ермексазға орналастырады. Дайын болған жұмысын мұғалімге тексертеді. *«Мен түсіндім және түсіндіре аламын» дегендер басбармақты жоғары көтереді. «Мен әлі түсінбей отырмын» дегендер басбармақты жанына қарай жантайтады. «Мен түсінгеніме сенімді емеспін» дегендер қолды төмен түсіреді.* Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.	• практикалық жұмыс жасайды; • композициясын дұрыс орналастырады; • жұмысты эстетикалық талапқа сай орындайды. ҚБ: Жетістік ағашына алма жинау. 	*QR-код* Қарындаш, акварель, фломастер, А4 форматы, сызғыш, қылқалам, қайшы, ПВА желімі, ағаш жапырағы, су құятын ыдыс, ермексаз, палитра

Scanned with CamScanner

Бөлім: 7	Болашаққа саяхат	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркынбекова ж	
Күні:14.04.26		
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Графика. Суретші қиялындағы тұлпар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.4.2.2 Графикалық жұмысты түпкі ойға байланыстыра таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін білу, түсіну, түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты:	Графикалық жұмысты түпкі ойға байланыстыра таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін біледі, түсінеді, түсіндіреді және қарапайым түрлі түсті графитті қарындашпен қиял-ғажайып ойдан туған қанатты тұлпардың суретін орындайды.	

Құндылықтар:	дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу; әдеп нормаларын ұстану; шешім қабылдау және жауапкершілікті сезіну; оқушы отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінуі тиіс.			
Сабақ барысы:				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут Сабақтың ортасы 35 минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** Психологиялық ахуал туғызу. ***«Гүлмен тілек» әдісі*** арқылы оқушылардың бір- біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. ***«Сиқырлы сандық» әдісі*** арқылы өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарына ұжымдық талқылау. ***Сұрақ:*** Қандай фантастикалық кейіпкерлерді білесің? Неліктен фантастикалық образдар балалардың көбіне ұнайды? **Мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстырады** Қиял-ғажайып образдар әдебиетші мен суретші шығармаларында бұрыннан кездеседі. Мифологиядан (аңыздан) XX ғасырда фэнтези (фантастика) жанры бөлініп шықты. Фантастика жанры болашақ уақыт кезеңіндегі оқиғаға негізделіп салынады. Қазақ ауыз әдебиетінде қанатты тұлпарға қатысты аңыз көп. Олар болашақты болжау қиялынан туындаған. Ал суретшілер өзінің қиялын сурет арқылы бейнелейді. ***«Бейнежазба» тамашалайды.*** «Елтаңбаны таныстыру» деген бейнежазбаны көрсетеді.	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Оқушыны бір-біріне тілек айтады. Барлық оқушы талқылауға қатысады. Сиқырлы сандықтың ішіндегі сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Білім алушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. *Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.* Оқушылар бейнежазбаны тамашалайды.	**Дескриптор:** • тақырыпты толық ашады; • өз ойларын білдіреді; • сұрақтарға жауап береді; **ҚБ: «Басбармақ» әдісі** арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! **Дескриптор:** • мәтінмен толық танысады. **Дескриптор:** • елтаңбаның авторымен танысады;	 «Бейнелеу өнері» оқулығы Интербелс енді тақта. https://youtu.be/w7KVdFWVvr4 

Scanned with CamScanner

«Адасқан сөздер» ойыны Ойын шарты: берілген сөздердің орнын ауыстыра отырып, сөйлем құрау. *Тапсырма:* 1. Ер Атың пырағы жақсы болса, жігіттің; 2. Көлдің Жігіттің көркі – құрақ, көркі – пырақ. Оқулықпен жұмыс. ***«Салыстыру» әдісі*** арқылы өнер туындыларындағы қанатты тұлпарлардың бейнесін салыстыру. **Қиял-ғажайып образ** дегеніміз – өмірде әлі бол- маған құбылыстың сезімдік бейнесі. 4-тапсырмадағы әртүрлі тәсілмен орындалған қанатты пырақ суреттерін сипаттаңдар. **Практикалық жұмыс** *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейне сабақтың көмегімен жүзеге асырасың.* - Бүгінгі сабақта қиялымызды балаңақпен жалғап, мифологиялық жанрға арнап көрейік. Жұмысты қарапайым түрлі түсті графитті қарындаштармен орындаймыз. А4 пішіміндегі парақ қағазды диагональ сызық бойымен бөліп,	Білім алушылар адасқан сөздердің орнын тауып, мақал-мәтел құрайды. Шарты: берілген сөздердің орнын ауыстыра отырып, сөйлем құрайды. *Жауабы:* 1. Атың жақсы болса, ер жігіттің пырағы. 2. Көлдің көркі – құрақ, Жігіттің көркі – пырақ.   Оқулықтағы суреттерді салыстырады, сипаттайды. Оқушылар практикалық жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып алады. Керекті құрал-жабдығын даярлайды. **Практикалық жұмысты орындау кезеңдері: Бірінші кезеңде** А4 қағазды диагональ сызық бойымен бөліп, ұшуға дайын тұрған пырақтың дене бітімін салады. Қарындашты қатты бастырмай жеңіл сызықтармен нобайын салады. Кейін ұсақ-түйек бөліктерін салады. **Екінші кезеңде** түстермен орындайды. Түрлі түсті қарындаштармен кейбір жерлерін қатты бастырып, ал кейбір жерлерін ақырын басып бояп шығады.	• елтаңбада қанатты тұлпардың суретін көреді; **Дескриптор:** • Қазақтың мақал-мәтелдері, нақыл сөздерін құрастырады; • мағынасын түсіндіріп, өз ойларын жеткізеді; **ҚБ: «Күлегештер» әдісі** арқылы бағалайды. **Дескриптор:** • қанатты тұлпарлардың бейнесін салыстырады; • қиял-ғажайып образ дегенімізге түсінік, ой түйеді. **ҚБ: «Басбармақ» әдісі** арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! **Дескриптор:** • практикалық жұмыс жасайды;	 Интербел- сенді тақта Репродук-циялар  *QR-код* А4 қағаз, түрлі түсті графитті қарындаш-тар, өшіргіш

Scanned with CamScanner

пырактың дене бітімін орналастырсақ, ұшуға дайын тұрған динамиканы білдіреді. Негізгі сызықтарды салмас бұрын, жеңіл сызықтармен формаларын жобалап қағазға орналастырып алу керек. Содан кейін ғана ұсақ- түйек бөліктерін бейнелеп шығамыз. Дайын суретті түрлі түсті қарындаш көмегімен кейбір жерлерін ақырын басып, кейбірін қаттырақ басу арқылы бояп шығамыз.		• композициясын дұрыс орналастырады; • жұмысы эстетикалық талапқа сай орындайды;	

Сабақтың соңы 5 минут	Денесін иректелген сызықтар арқылы сәндеп, басқа түспен боғанда ерекше мифологиялық образға айналады. Әдеттен тыс түстермен боясақ, суретіміз шарықтай түседі. Міне, сурет те дайын болды. Пырақ өзіңмен бірге болашақтағы әсем әлемге ұшуға дайын. **Кері байланыс** ***«Білім сандығы» әдісі*** сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.	**Үшінші кезеңде** ирек сызықтармен сәндеп шығады. Бөліктерін бояп шығады. Жұмысты аяқтаған соң, мұғалімге тексертеді. Сабақты өте жақсы түсіндім, қызықты болды! Сабақты жақсы түсіндім! Тақырып бойынша әлі ізденуім керек!	- түрлі түсті қарындаштармен жұмыс жасай алады. **ҚБ: «Желкенді кеме» әдісі.** Желкенді үш түске бояу қажет. 1. Жасыл түс – Жарайсың. 2. Сары түс – Жақсы. 3. Қызыл түс – Талпын.

Scanned with CamScanner

Бөлім: 7	Болашаққа саяхат	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова ж	
Күні: 28.04.26		
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Кескіндеме. Болашақтың мың бояулы бау-бағы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.4.3.2 Кескіндемелік жұмысты түпкі ойға байланыстыра таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін білу, түсіну, түсіндіру.	

Сабақтың мақсаты:	Кескіндемелік жұмысты түпкі ойға байланыстыра таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін біледі, түсінеді, түсіндіреді. Дәстүрлі емес ерекше тәсілмен танысып, бау-бақшаны түс арқылы көркейтуді үйренеді.
Құндылықтар:	ұлттық мұраға құрметпен қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу; білуге, жаңаны тануға құштарлық, дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу.

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі /уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Scanned with CamScanner

Сабақтың басталуы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, білім алушыларды түгендеу.** Психологиялық ахуал. ***«Менің көңіл күйім» әдісі***. Білім алушылар ортаға шығып, шеңбер жасайды. Өз көңіл күйлерін топтағы заттармен салыстырып айтады. **Қызығушылығын ояту. *«Сиқырлы хат» әдісі.*** Сұраққа жауап берсе, «Табиғат ана» ризашылығын білдіріп, бізге күміс қақпа ашылады. Күміс қақпа ішінен хатқалтаны аламыз, оны ашып көрейік. Бізге сұрақ-жауап берілген. Жауап берсек, алтын қақпа арқылы жол ашылады. Ашық хаттың ішіндегі сұрақ: 1. «Ғажайып бақ» атты қазақ ертегісін білесің бе? 2. Болашақта табиғат пен адамның арасындағы үйлесімділікті жоғалтпауға қандай үлес қосасың? **Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру** 2-тапсырмадағы мәтінді оқытады.	Білім алушылар амандасады. Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды. Шаттық шеңберіне тұрады және бір-біріне лебіздерін білдіреді. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, бүгінгі өтетін тақырыпты анықтайды. Хаттың ішіндегі сұрақтарға жауап береді. *Оқушылар сұраққа жауап берәді.* Сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы күміс қақпаны ашады.	**Дескриптор:** • ғажайып бақ атты ертегісін естеріне түсіреді; • сұрақтарға дұрыс жауап береді; • өз ойын еркін білдіреді. **Қ.Б: «Геометриялық фигуралармен»** бағалау.	Ашық хат Интербел-сенді тақта  «Бейнелеу өнері» оқулығы
Сабақтың ортасы 35 минут	Жер ғаламшарының экологиясы бұзылып барады. Ауа да, су да ластанды. Оны калпына келтіру үшін табиғатты қорғау керек. Болашақта Жер ғаламшарында экоқалалар тұрғызылады. Қазіргі уақытта Сауд Арабиясында «Оксагон» деген экоқаланың құрылысы жүріп жатыр. Ол калада 5	*Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.* Оқушылар мәтін арқылы экология туралы мағлұмат алады.	**Дескриптор:** • экология туралы өз ойларымен бөліседі. **ҚБ: «Шамшырақ» әдісі** арқылы дұрыс жауап	 https://youtu.be/BXgm7lhZUU8

Scanned with CamScanner

миллион адам тұра алады екен. Экоқалада жасанды интеллект болады. Ғалымдар Қазақстанда да экоқала салуға болатындығын айтуда. ***«Стоп-кадр» әдісі.*** «Алматы ботаникалық бағы» деген бейнежазбаны көрсетеді. Оқулықпен жұмыс. ***«Алтын қақпа» әдісі*** *оқушыларға сұрақтар қояды,* сұрақтарға жауап берсе, онда «Табиғат ана» ризашылығын білдіріп, алтын қақпа ашылады. Хатқалтаның ішіндегі сұрақ: Алматы ботаникалық бағы туралы не білесің? Сингапурдегі ғажайып орман туралы не білесіңдер? Оқушыларға қосымша мәлімет береді. *Сингапурде биіктігі 25–50 метр болатын алып теректерден тұратын орман бар. Онда екі 42 метрлік ең үлкен ағаш 22 метрлік көпірмен байланысқан. Қас қарайған уақытта алып ағаштар еліктіретін әуеннің ырғағымен түрлі түске енеді.* Сауд Арабиядағы «Оксагон» деген экоқала туралы не білдіңдер? 3-тапсырмада экологиялық ережелер суретпен берілген. Осы ережелермен танысып, өздерің толықтырыңдар.  Алматы қаласындағы Бас ботаникалық бақ туралы мәліметті оқытады. **Практикалық жұмыс**	*Оқушылар бейнежазбаны тамашалап, өз ойларымен бөліседі.* Оқушылар оқулықтағы суреттерге қарап өз ойларын айтады. 1. сурет бойынша Алматы қаласындағы ботаникалық бақ туралы әңгімелейді. 2. сурет бойынша Сингапурдегі алып теректерден тұратын орман туралы айтады. 3-сурет бойынша Сауд Арабиядағы «Оксагон» деген экоқала туралы білгендерін айтады. Өсімдік – жанға шипа. Сол себепті көбірек саябақта серуенде. Сурет бойынша ережелерді толықтырады: • Суға қоқыс тастама.	берген оқушыны бағалау. Жасыл түс – тамаша. Сары түс – керемет. Қызыл түс – талпын. **Дескриптор:** • Алматы, Сингапур, Сауд Арабиядағы ғажайып кешендер туралы сұрақтарға жауап береді, олар туралы қосымша мәлімет алады; • өз идеяларымен бөліседі. **ҚБ: «Геометриялық фигуралармен»** бағалау. **Дескриптор:** • экологиялық ережелерді толықтырады; • өсімдіктің пайдасымен танысады; • серуендеу пайдалы екенін біледі.	Алматы ботаникалық бағы Оқулықтағы суреттер Оқулық 

Scanned with CamScanner

	• Ағашты кесіп. • Шөпті жұлма. «Білгім келеді» айдарындағы мәліметпен танысады. 4-тапсырма бойынша «Қоршаған ортаның бізге берері мол, ал біз табиғатқа қандай жақсылық жасай аламыз?» сұрағына жауап береді. Оқушылар практикалық жұмыс жасайды.		Жұмыстың орындалу

Сабақтың соңы 5 минут	*Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасың.* Бүгін біз болашақтағы әлемнің жасыл желекке оранғанын армандай отырып, керемет қиялдан туындаған, стильденген бақшаның суретін саламыз. Үлкен пішіндерден және жас ағаштардан құралған композицияны бейнелейміз. Сол жағынан биіктеу, оң жағынан доғал пішіндегі ағаштардың тобын салу арқылы жұмысты аяқтап, ұсақ-түйек бөлшектерін бейнелейміз. Суреттің нобайы дайын болған соң, контур сызықтарын ПВА желімімен қоюлап бастырамыз. Оның үстінен астүзбен себелеп, одан соң кептіріп аламыз. Шамамен 15 минуттан кейін, артық тұзды қағып түсіреміз де, акварельмен нүктелеп бояймыз. Кейін ағаштарды және басқа да элементтерді айқын, қарама-қарсы түстегі бояумен бояймыз. Дәстүрлі емес түстерді пайдалануға да болады. Сәтті жұмыс шығатынына сенімдімін. **Кері байланыс** ***«Мега ми» әдісі*** арқылы білім алушылардан кері байланыс алу. Есте сақтайтын ең қажет ақпарат. **Өзіңді тексеруге арналған сұрақтар** Бояудың қанықтығы тұзбен араласқанда өзгеріске ұшырай ма? Болашақтағы саябақты көркейтуге қандай жоба ұсынар едің?	*Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып алады. Керекті құрал-жабдығын даярлайды. Бірінші кезеңде жұмыстың композициясын анықтап алады. Жас ағаштардан құралған композицияны салады. Сол жағынан биіктеу, оң жағынан доғал пішіндегі ағаштардың тобын салып жұмысты аяқтайды. Кейін ұсақ-түйек бөлшектерін бейнелейміз. Суреттің нобайы дайын болған соң, мұғалімге тексертеді. Екінші кезеңде контур сызықтарын ПВА желімімен қоюлап бастырады. Оның үстінен астүзды сеуіп, кептіріп қояды. 15 минуттан кейін, артық тұзды қағып түсіреді де, акварельмен нүктелеп бояйды. Үшінші кезеңде ағаштарды және басқа да элементтерді айқын, қарама-қарсы түстегі бояумен бояйды. Жұмыс аяқталғанда мұғалімге тексертеді. Білім алушылар бүгінгі тақырыптан алған білімдері бойынша ***«Мега ми» әдісі*** арқылы кері байланыс жасайды.	**Дескриптор:** • практикалық жұмыс жасайды; • жұмыстың ерекшелігін түсінеді; • жұмысты эстетикалық талапқа сай орындайды. **КБ: «Басбармақ» әдісі.**	ретін QR- код арқылы көру А4 форматы, акварель бояу, графитті қарындаш (НВ), өшіргіш, линер, су құйылған ыдыс, шүберек 

	Сурет салу мен ландшафт дизайнының ұқсастығы бар ма? 7-бөлім бойынша білімдерін тексереді.			

Scanned with CamScanner

Бөлім: 8	Таңғажайып оқиғалар	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Жаркинбекова Ж.С	
Күні:12.05.26		
Сынып: 4В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Сәндік қолданбалы өнер.Квиллинг. Қызғалдақ	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.4.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер техника мен әдістерін біріктіру арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру.	
Сабақтың мақсаты:	Сәндік-қолданбалы өнер техника мен әдістерін біріктіру арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсынады және квиллинг әдісі арқылы түрлі түсті қағаздан гүл жасауды үйренеді.	
Құндылықтар:	дұрыс қарым-қатынас орнату, сыни және креативті ойлау, жеке және топпен жұмыс істеу; әдеп нормаларын ұстану; шешім қабылдау және жауапкершілікті сезіну; оқушы отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінуі тиіс.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басталуы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** Психологиялық ахуал туғызу. ***«Гүл сыйлау» әдісі.*** Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Мұғалім келесі оқушыға гүлді ұсынып тұрып, осы күнге сәттілік тілейді. Оқушылар бір-біріне жақсы тілек тілеп, сыныпта жақсы ахуал қалыптастырады.	Білім алушылар амандасады; Сабаққа керекті құрал-жабдығын даярлайды.	**Дескриптор:** - қарастырылған тақырып бойынша бұрынғы білім еске түсіріледі;	

Scanned with CamScanner

Сабақтың ортасы 35 минут	**Қызығушылықты ояту.** Өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрағына ұжымдық талқылау: Түрлі түсті қағаздан квиллинг тәсілінде гүл жасап көрдің бе? **Мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстырады** *Аудиоматериалды тыңдау (QR түрінде қойылады). 2-тапсырмадағы мәтінді оқытады, мазмұнын ашады.* Балалар, бүгін сендер түрлі түсті қағаздан квиллинг тәсілінде гүл жасауды үйренесіңдер. Қағаз – біреу үшін тек жазу не сызу құралы болса, енді біреу үшін қолөнер саласындағы таптырмас материал. Қағаздан сан түрлі дүние жасауға болады. Қағазды үнемдеп, оны өз орнымен жұмсай білу – үлкен өнер. Ал оны қажетіне жаратып, жаңа дүние жасап шығару – нағыз шеберліктің белгісі. Қағаздан бұйым жасаудың бір түрі квиллинг деп аталады. Квиллинг тәсілімен гүлден басқа да көптеген бұйымдарды жасауға болады. 3. **тапсырма. *«Ой қозғау» әдісі*** арқылы берілген суреттерге назар аударады. Қандай материалдан жасалғанын анықтайды. Қалай жасалатыны туралы өз ойларымен бөліседі.  «Білгім келеді» айдарындағы мәліметпен таныстырады. 4. тапсырма. Оқушылардың жасаған шығармашылық жұмыстарына назар аударыңдар. Қалай жасалғаны туралы ойланыңдар. **Практикалық жұмыс**	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, бүгінгі өтетін тақырыпты анықтайды. *Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.* Квиллинг өнері жайында толық мәлімет алады. «Ой қозғау» әдісі арқылы оқушылар суреттерге қарап қандай материалдан жасалғанын, өз ойларын білгендерін айтады.	• белсенді әрекетке жұмылдырылады; • ойлау жұмысына ынталандырылады. **ҚБ: «Қол сигналы»** әдісі арқылы бағалайды. **Дескриптор:** • жаңа білім жайлы өзіндік түсінік қалыптастырады. **Дескриптор:** • оқушылар өз тәжірибелері арқылы жаңа білім туралы өзіндік түсінік пен пікір қалыптастырады. • бір-бірімен ой бөліседі. **ҚБ:** Өзара бағалау. **«Не қиын, не оңай?»** **Дескриптор:** • қызығушылықпен, ынтамен тапсырманы орындайды, өзіндік ой қалыптасады;	*QR-код* «Бейнелеу өнері» оқулығы Интербелсенді тақта Интербелсенді тақта Жұмыстың орындалу

Scanned with CamScanner

		Оқушылар практикалық жұмыс жасайды. *Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтан көреді.* *Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді.* Ең алдымен оқушы жұмыс орнын және керекті құрал-жабдығын ұйымдастырып алады. **Жұмыстың орындалу реті:**		

Сабақтың соңы 5 минут	*Практикалық жұмыстың орындалу ретін бейнесабақтың көмегімен жүзеге асырасың.* Бүгін түрлі түсті қағаздан квиллинг тәсілімен гүл жасауды үйренесіңдер. Алдымен ақ түсті қатырғықағаздың төрт шетінен 1 см-ден қалдырып сызамыз. Сызылған контур сызығы бойымен қайшымен қиып аламыз. Қызыл сары түсті қатырғықағазды алып, ақ түсті қатырғықағаздың үстіне желімдеп жапсырамыз. Жай қарындашпен ақ қатырғықағаздың ортасына ойындағы гүлдің суретін саламыз. Гүлдің басы, сабағы, жапырағы салынуы маңызды. Қызыл және жасыл түсті қағазға сызғышпен ені 1 см болатын бірнеше тік сызықтың өлшемін белгілеп аламыз. Белгіленген сызық бойынша қайшымен бірнешеуін қиып, дайындаймыз. Дайындалған қызыл таспаның үшеуін алып, дөңгелектеп желімдейміз. Желімделген таспаларды жұмыртқа тәрізді бейнеге келтіріп, ақ қатырғықағаздағы сызылған гүлдің үстіне желімдейміз. Жасыл түсті таспаның бірнешеуін желімдеп, гүлдің сабағына жапсырамыз. Жасыл таспадан жасалған гүлдің жапырақтарын желімдеп, жұмысты аяқтаймыз.	1. Ақ түсті қатырғықағаздың төрт шетінен 1 см-ден қалдырып сызып алады. Сол сызылған контур сызығы бойымен қайшымен қиып алады. 2. Қызыл сары түсті қатырғықағазды алып, ақ түсті қатырғықағаздың үстіне желімдеп жапсырады. 3. Ақ қатырғықағаздың ортасына жай қарындашпен гүлдің суретін салады. Гүлдің басы, сабағы, жапырағын салады. 4. Қызыл және жасыл түсті қағазға сызғышпен ені 1 см болатын бірнеше тігінен сызықтар жүргізеді. Сызық бойынша қайшымен бірнешеуін қиып, дайындайды. 5. Жаңа қиып дайындаған қызыл таспаның үшеуін алып, дөңгелектеп желімдейді. Желімделген таспаларды жұмыртқа тәрізді бейнеге келтіріп, ақ қатырғықағаздағы сызылған гүлдің үстіне желімдейді. 6. Жасыл түсті таспалардың бірнешеуін желімдеп, гүлдің сабағына жапсырып алады. Соңында гүлдің жапырақтарын желімдейді. Жұмысты аяқталғанда мұғалімге тексертеді. *Жасыл түс – түсіндім.* *Сары түс – қиындықтар кездесті. Қызыл түс – түсінбедім.*	• қауіпсіздік ережелерімен танысады; • өзіндік пікір нәтижесінде қалыптасқан ойларын ортаға салады; • шығармашылық деңгейі артады. **ҚБ:** **«Температураны өлшеу» әдісі.** 	ретін QR- код арқылы көру. А4 форматы, түрлі түсті қағаз, қайшы, ПВА желімі, сызғыш, қарындаш, өшіргіш 

Scanned with CamScanner

	Міне, квиллинг тәсілінде жасалған қызғалдақ гүлі дайын. **Кері байланыс** ***«Тир» әдісі.*** Қатысушылар бүгінгі тақырып туралы ойларын стикерге жазып, тирдің суретіндегі түстерге орналастырады.			

Scanned with CamScanner